| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Д/О «Салыстыр»<br>Міндеті; Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Отбасы мүшелері»<br>Міндеті; Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету **(қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>Б**алалардың дербес әрекеті:**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | Д/О«Салыстыр»<br>Міндеті; Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Жақындарына қамқорлық»<br>Міндеті; өзінің отбасы, отбасылық қарым қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу **(қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>Б**алалардың дербес әрекеті:**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | Д/О«Артық-кем»<br>Міндеті; Екі затты өлшемі бойынша (артық-кем) салыстыру. (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Заттар»<br>Міндеті; Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. **(қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>Б**алалардың дербес әрекеті:**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | Д/О«Салыстыр»<br>Міндеті;Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Не үшін»<br>Міндеті; Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. **(қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>Б**алалардың дербес әрекеті**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | Д/О«Салыстыр»<br>Міндеті; Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Кеңістікті бағдарлау»<br>Міндеті; Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету **(қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>Б**алалардың дербес әрекеті:**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. |
| Таңертенгі жаттығу | **Таңертеңгілік жаттығу** \Затсыз<br>1. қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>2. қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>3. қолдарды алға созып, жартылай отыру<br>4. солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5. аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>6. тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>7. аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>Тыныс алу алу жаттығуы (**дене тәрбиесі**) | | | | |
| Таңғы ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу | | | | |
| Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық | **Д/О: "Кім қайда тұрады?"**<br>Жабайы және үй жануарларының тіршілік ету ортасы туралы білім беру (адамның жанында, орманда); кішкентай бауырларымызға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)**<br><br>ДО «Отбасы мүшелері»<br>Міндеті: өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге үйрету. **(қазақ тілі)** | **Д/О: "Кімнің әні екенін тап?"**<br>Ономатопея дағдыларын жетілдіру; дауыс күшін және оны басқара білу қабілетін дамыту. **(Экологиялық тәрбие)**<br><br>ДО «Әдептілік әлемі»<br>Міндеті: сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, баулу **(қазақ тілі)** | **Д/О: "Бала жоғалып кетті"**<br>Бірнеше жануарлардың арасынан белгілі бір жануарлардың төлдерін табуға және атауға үйрету; жанашырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)**<br><br>ДО «Топта кім бар»<br>Міндеті: құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. **(қазақ тілі)** | **Д/О: "Еркеның анасын тап"**<br>Ересек жануарды күшігі бойынша анықтауға үйрету; жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; "Жануарлар және олардың төлдері" тақырыбында сөздік қорын белсендіру. **(Экологиялық тәрбие)**<br><br>ДО «Не қайда тұр»<br>Міндеті: Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **(қазақ тілі)** | **Д/О: "Жануарларды емдейік"**<br>Кейбір жануарлардың (қоян, тиін, мысық, сиыр) қоректену жолдары туралы білімдерін бекіту; жомарттыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)**<br><br>ДО «Аспаптар»<br>Міндеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту **(қазақ тілі)** |
| ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет | **Дене тәрбиесі**<br>"Ғарыш деген ғажайып".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру. | **Дене тәрбиесі**<br>"Жер-ана құшағында".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қапшаны басына қойып, тіке жүруге үйрету. | **Музыка**<br>"Туған ел".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды | **Дене тәрбиесі**<br>"Жер-Ананы қадірлейік!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды екі аяқпен секіруге (аяқтар алшақ) үйрету; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты тордан өткізе лақтыру іскерліктерін дамыту. | **Қазақ тілі**<br>«Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары.<br>Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді, балаларға арналған қазақ тіліндегі тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауды, тақпақтар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету. | | мазақтамалардың мазмұнын түсінуді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтуды үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуды, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануды үйрету; төл сөздерді еркелетіп айтылған атауларына сүйене отырып анықтауды үйрету. Тақпақтар, мазақтамалар мен диалогтар мазмұнында жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдауды дамыту; монологтық сөйлеуді, қиялын, жағымды көңіл күйлерін білдіре алу қабілеттерін дамыту. Құрдастарымен тату ойнауға, шығармашылыққа баулу. |
| 2- таңғы ас | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. | | | | |
| Серуенге дайындық | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету..<br>табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. | | | | |
| Серуен | Маусымдық өзгерістерді бақылау<br>Мақсаты:<br>—Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>—айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>—табиғатты бақылауға деген | Көктемгі теректерді бақылау<br>Мақсаты:<br>-Терек және оның бөліктері туралы түсінік қалыптастыру;<br><br>Бақылау барысы:<br>Балабақша ауласындағы теректерді бақылау. | Итті бақылау<br>Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;<br>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін | Бұлттарды бақылау<br>Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы, | Су тамшыларын бақылау<br>Мақсаты:<br>— температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>— зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. «Сұңғілер» А. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші:<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>... құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас,<br>... дән себеді. (көктемде)<br>Бақ пенен бақшаны,<br>... баптап өсіреді. (жазда)<br>Дихандар жемісін,<br>... жинап береді. (күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>•Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>•Қазір жылдың қай мезгілі?<br>•Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>•Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>•Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)<br>Еңбек | Теректердің әр түрлі екендігін, бойлары, жапырақтары бәрі өзгеше болатынын түсіндіру. Терек бұтақтардан ал бұтақтар жапыраұқтардан тұратынын айту. Әр мезгілге сай ағаштын да келбеті өзгеріп отыратынын түсіндіру.<br>Еңбекке баулу:<br>Балалармен бірге теректің сынған бұтақтарын кесіп алу.<br>Мақсаты:<br>Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>Қимылды ойын: «Құстар ұясында»<br>Мақсаты:<br>-Бір – біріне соқтығыспай еркін жүгіруге үйрету;<br>-Тәрбиеші белгісі бойынша жылдам жүгіруге, бір – біріне көмек көрсетуге қалыптастыру<br>Қажетті материалдар: балаларға арналған тырмалар, қалақшалар, шелек, ойыншықтар. | дамыту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай<br>Кіп-кішкентай күшігім,<br>Сүйкімдісін өзінің.<br>Еркелейді ойнақтап,<br>Жылтырын-ай көзінің.<br>Оратылып аяққа,<br>Бір сәт тыным таппайды.<br>Кел, достарым, жасқанба,<br>Күшігім менің қаппайды<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦Бұл күшік сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?<br>♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы.<br>Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді | Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.<br>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>♦Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br><br>Еңбек<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br><br>Қимылды ойын «Үйсіз қоян».<br>Мақсаты:<br>— бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>— жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс<br>Жаңылтпаш айту: «Ала | Меңдібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>♦Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>♦Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>♦Шуақты күні ше? (өседі)<br>♦Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Гүл егетін жерді тазалау.<br>Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны: Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу | | немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.<br>Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу.<br>Мақсаты:<br>-ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.<br>Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге баулу;<br>—жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: секіру техникасын меңгерту | бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайыңды арал, талды арал»<br>Жұмбақ:<br>Етек-жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай,<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>(бұлт) | ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>Еңбек<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>— Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту.<br>Жаттығу ойыны.<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту |
| Серуеннен оралу | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. | | | | |
| Түскі ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу | | | | |
| Күндізгі ұйқы | ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, баулу | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сауықтыру шаралары | Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау | | | | |
| Бесін ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Көліктердің жолда жүру тәртібі» балаларға жолда көліктердің жол тәртібін сақтау керектігін түсіндіру. Өздерінің ұнаған көліктерімен жолда жүру ойынын бірге ойнау.<br>**(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы: Ойдан шыққан әңгіме<br>Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту<br>( **көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: Анама сыйлаймын<br>**Сурет салу**<br>Міндеті: Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету<br><br>**Мүсіндеу**<br>Міндеті: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу | «Жол белгілерімен танысу» Жол белгілерімен танысып,қауіпсіздік шараларын жасау.<br>**(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы: «Не деу керек?» Әнуарбек Дүйсенбиев<br>Міндеті: Балаларды тақпақтар жатқа айтуға үйрету ( **көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: Жануар<br>**Сурет салу**<br>Міндеті: тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру<br><br>**Мүсіндеу**<br>Міндеті: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Жапсыру**<br>Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, үшбұрыш) ортасына, | «Жолаушылар»<br>Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы: «Ойыншықтар» (өлең)<br>Нұрсұлтан Әлімқұлов<br>Міндеті: Балаларды тақпақтар жатқа айтуға үйрету ( **көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы:«Ойыншықтар»<br>**Сурет салу**<br>Міндеті қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану<br><br>**Мүсіндеу**<br>Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу<br><br>**Жапсыру**<br>Міндеті: Геометриялық | **«**Абайла, бЕрке!» балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм. Интерактивті тақтадан «Жол қауіпсіздігі» толық мағлұмат **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы: «Екі әтеш» (ертегі)<br>Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу<br>( **көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: «Екі әтеш»<br>**Сурет салу**<br>Міндеті: Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. | Үйдегі және даладағы жануарлардың айырмашылығы жайлы түсіндіру,қауіпсіздік шараларына үйрету<br>**(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы: «Менің әжем» (өлең)<br>Қадыр Мырза Әли<br>Міндеті: Балаларды тақпақтар жатқа айтуға үйрету<br>( **көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: Әжеме сыйлық<br>**Сурет салу**<br>Міндеті: Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Міндеті: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру<br><br>**Жапсыру**<br>Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Жапсыру**<br>Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, жасау.<br><br>**Құрастыру**<br>Міндеті: Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату | бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы кілем, жасау.<br><br>**Құрастыру**<br>Міндеті: Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату<br>. | фигуралардың (дөңгелек, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, жасау.<br><br>**Құрастыру**<br>Міндеті: Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату | **Мүсіндеу**<br>Міндеті: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру<br><br>**Жапсыру**<br>Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы алаша жасау.<br><br>**Құрастыру**<br>Міндеті: Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу | үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы орамал жасау.<br><br>**Құрастыру**<br>Міндеті: Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Балалармен жеке жұмыс | ***БАЙМҰРАТ АЛИ-ЖАН***<br>**Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(көркем әдебиет)** | ***МАҚСАТ ЕРХАТ***<br>**"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау.<br>**(математика негіздері, қазақ тілі, тіл дамыту)** | **НҰРЖАН ӘБУБӘКІР**<br>**"Лото-жануарлар" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту, қазақ тілі)** | ***БАХТИЯР ҚӘУСАР***<br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту, қазақ тілі)** | ***МҰРАТ АЙША***<br>**"Не өзгерді?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту , есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы. ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. **(қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту, қазақ тілі)** |
| Серуенге дайындық | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. | | | | |
| Серуен | Маусымдық өзгерістерді бақылау<br>Мақсаты:<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші:<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>... құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас,<br>... дән себеді. (көктемде)<br>Бақ пенен бақшаны,<br>... баптап өсіреді. (жазда)<br>Дихандар жемісін,<br>... жинап береді. (күзде) | Қайың ағашын бақылау<br>Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай<br>Көшетін әкеп қайыңның,<br>Отырғыздым аулаға.<br>Жіп-жіңішке жас шыбық,<br>Өспейді деп ойлама.<br>Жас шыбық өсіп толады,<br>Әсем қайың болады,<br>Суғарып, күтіп, баптасам.<br>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына | Итті бақылау<br>Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;<br>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай<br>Кіп-кішкентай күшігім,<br>Сүйкімдісін өзінің.<br>Еркелейді ойнақтап,<br>Жылтырын-ай көзінің.<br>Оратылып аяққа,<br>Бір сәт тыным таппайды.<br>Кел, достарым, жасқанба,<br>Күшігім менің қаппайды<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦Бұл күшік сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі | Бұлттарды бақылау<br>Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.<br>♦Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>♦Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br><br>Еңбек<br>Бұлдіршіндердің | Су тамшыларын бақылау<br>Мақсаты:<br>— температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>— зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>♦ Неге? (күн бетте күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиеші сұрақтары:<br>•Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>•Қазір жылдың қай мезгілі?<br>•Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>•Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>•Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)<br>Еңбек<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны:<br>Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу | қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>•Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?<br>•Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі?<br>•Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді?<br>•Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады?<br>•Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма?<br>•Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?<br>Зерттеу жұмысы<br>Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?<br>Еңбек<br>Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу<br>Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.<br>Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» | көтеріңкі деп ойлайсыңдар?<br>♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.<br>Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу.<br>Мақсаты:<br>-ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.<br>Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты:<br>—белгі бойынша әрекет етуге баулу;<br>—жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.<br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын | алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br><br>Қимылды ойын «Үйсіз қоян».<br>Мақсаты:<br>—бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>—жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс<br>Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайыңды арал, талды арал»<br>Жұмбақ:<br>Етек-жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай,<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>(бұлт) | қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>♦ Шуақты күні ше? (өседі)<br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>Еңбек<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>—Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты:<br>_- ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру.<br>Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту. | дамыту.<br>Мақсаты: секіру техникасын меңгерту | | дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Кеңес: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Лаяна»балабақшасы**
Балалардың жасы: **«Улыбка» ортаңғы тобы**
Балалардың жасы- **3 жастағы балалар**
**Жоспардың құрылу кезеңі 06-10.04.2026 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(Күй әуенін қосу. Күй күмбірі)** | | | | |
| | Д/О «Жалпылаушы сөздер» Міндеті: сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау **(Музыка)** | Д/О «Антонимдер» Міндеті: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Көңілді әуен» Міндеті:Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау **(Музыка)** | Д/О О «Антонимдер» Міндеті:қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Би әлемі» Міндеті:Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру **(Музыка)** | Д/О «Жұмбақ шеш» Міндеті: Жұмбақ шешкізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Би әлемі» Міндеті:Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру **(Музыка)** | Д/О «Жұмбақ шеш» Міндеті: Жұмбақ шешкізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті:Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру **(Музыка)** |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл- күйлерін көтеру, үсті-басына көңіл аудару. Ата- аналармен қарым-қатынас мәдениетін орнату. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | «Әмиян» ойыны - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды | «Ақшаны жұмсауды үйренеміз ойыны - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерд (заттарды тексеріп қарау, | «Банкомат» ойыны - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерд (заттарды тексеріп қарау, | «Айырмашылығын тап» ойыны - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді | «Дүкен» ойыны қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Салыстыр»<br>Міндеті: . Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.(**математика негіздері**)<br>Д/О «Жолаушы»<br>Міндеті: Жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру **(қоршаған әлеммен таныстыру**)<br>Б**алалардың дербес әрекеті:** Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу | зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Шаршы, дөңгелек»<br>Міндеті: Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Достарым»<br>Міндеті: Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. **(қоршаған әлеммен таныстыру**) | зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>**(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Шаршы, дөңгелек»<br>Міндеті: Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Әдептілік әлемі»<br>Міндеті: Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). **(қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>Б**алалардың дербес әрекеті:** Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>**(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Оң-сол»<br>Міндеті: Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол. (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Дала гүлдері»<br>Міндеті: дала гүлдерінің тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. **(қоршаған әлеммен таныстыру**) | зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>**(Адал азамат)**<br><br>Д/О«Оң-сол»<br>Міндеті: Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол.<br>(**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Табиғат бұрышын мекендеушілері»<br>Міндеті: Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру **(қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>Б**алалардың дербес әрекеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертенгі жаттығу | **Таңертеңгілік жаттығу** \Затсыз<br>1. қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>2. қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>3. қолдарды алға созып, жартылай отыру<br>4. солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>5. аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>6. тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>7. аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>Тыныс алу алу жаттығуы (**дене тәрбиесі**) | | | | |
| Таңғы ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу | | | | |
| Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық | ДО «Жолаушы»<br>Міндеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **(қазақ тілі)**<br>Д/О: **Біз – құтқарушылармыз**<br>**Ойын барысы**: Тәрбиеші қауіпті жағдайдың суреті бар суретті үстелге қояды, бала оны қарап шығады және іс-әрекеттер бейнеленген барлық карточкалардың ішінен екі дұрысын таңдап, ретімен орналастырады. **(Қауіпсіздік дағды)** | ДО «Достар»<br>Міндеті: Қазақ тіліне тән қ, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **(қазақ тілі)**<br>Д/О: **«Бағдаршам не дейді?»**<br>**Ойынның жүрісі:**<br>Тәрбиеші бағдаршам макетін ұсынып оның көздері не деп тұрғанын, қандай белгі беріп тұрғанын сұрай отырып, сол белгіге сай қимыл әрекеттер жасауын қадағалайды. **(Қауіпсіздік дағды)** | ДО «Әдептілік әлемі»<br>Міндеті: Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **(қазақ тілі)**<br>**Кім артық.**<br>**Ойын барысы** Тәрбиеші балаларды терілген кенептегі суреттерді қарап шығуға, бірқатар жабайы жануарлардың артығын табуға және сол немесе басқа заттың неге артық екенін түсіндіруге шақырады.<br>Мысалы: "Артық мысық, өйткені ол үй жануары". **(Экологиялық дағды)** | ДО «Дала гүлдері»<br>Міндеті: Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, жаттауға баулу. **(қазақ тілі)**<br>Д/О: **«Қауіпті заттар»**<br>**Ойынның жүрісі:**<br>Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттердің ішінен қауіпті заттарды табуды ұсынады және оның қандай қауіп әкелетінін сұрайды. **(Қауіпсіздік дағды)** | ДО «Жемістер»<br>Міндеті: Жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру **(қазақ тілі)**<br>**Кім қалай айқайлайды.**<br>**Ойын барысы** Тәрбиеші балаларға кезек-кезек құстар салынған карточкаларды көрсетеді, балалар оларды дауыстап айтады, содан кейін оларды атайды. **(Экологиялық дағды)** |
| ББҰ кестесі бойын ша ұйымдастырыл ған ісәрекет | **Дене тәрбиесі**<br>"Ғарыш деген ғажайып".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын | **Дене тәрбиесі**<br>"Ғажайып ғарыш".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық | **Музыка**<br>"Туған ел".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және | **Дене тәрбиесі**<br>"Айтшы, ғарыш алыс па?"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды тізені биікке көтере отырып жүруге | **Қазақ тілі**<br>«Ғарышкер деген кім?»<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру. | сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету. | музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету. | үйрету; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру дағдысын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру; негізгі қимылдарды орындауға ынталандыру. | планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру. |
| 2- таңғы ас | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. | | | | |
| Серуенге дайындық | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету..<br>табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. | | | | |
| Серуен | Бақылау: «Қардың еруі».<br><br>Мақсаты: Балаларға көктем мезгілінің келгенін айтып, қардың еру кезеңдерін бақылату, көктемгі табиғат өзгерістерің жылдың басқа мезгілдерімен салыстырып, | Бақылау: Көктемгі ауа-райын бақылау.<br><br>Мақсаты: Балаларға көктемгі табиғат өзгерістерін бақылату, жылдың басқа мезгілдерімен салыстыру, қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүрудің қажет | Бақылау: Тырнаны бақылау.<br><br>Мақсаты: Балаларға тырна туралы түсінік беру, тырнаның жыл құсы екендігін, күз мезгілінде жылы жаққа ұшып кетіп, көктемде біздің жаққа қайтып келетінін ұғындыру. | Бақылау: Теректерді бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға көктемгі табиғаттың өзгерістерін айта отырып теректердің түрлерімен таныстыру, пайдасын ұғындыру, олардың | Бақылау: Айналадағы адамдардың еңбегін бақылау.<br><br>Мақсаты: Балаларды үлкендердің еңбегінің түрлерімен таныстыра отырып, еңбекті құрметтеуге оның нәтижелеріне ұқыптылықпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жұмыс | **"Менің отбасым" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.<br>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді<br>Кәдімгі бейне хрусталь.<br>**(тіл дамыту, көркем әдебиет)** | **"Менің әжем" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.<br>"Қыс" (Ізтай Мәмбетов)<br>Жаңа айлардың жаңа қары<br>Жапалақтап жауады.<br>Жайлы бір леп таралады,<br>Жаңғыртады ауаны.<br><br>Ұйқыдағы баладайын,<br>Баладайын пәк жүрек.<br>Ұйып қапты қырда қайың,<br>Киім киіп ақ жібек.<br>**(тіл дамыту, көркем әдебиет)** | **"НАУРЫЗ" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.<br>"Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев)<br>Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Не әкелдің сен бізге?<br>Бау-бақшаң толған гүл,<br>Төлдерің семіз бе?<br><br>Бауырсақ, балмұздақ,<br>Концертке ... молсың ба?<br>Бізді алға барғызбақ,<br>Сен жаңа жылсың ба?<br>**(тіл дамыту, көркем әдебиет)** | **"Көктем" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.<br>"Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев) жалғастыру.<br>Жаңадан көп түрлі<br>Машина бергейсің,<br>Жаңадан көк сырлы<br>Үйлерге кіргейсің.<br><br>Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Жаңалық ізде сен!<br>Жаңа ән, жаңа жыр<br>Жазып бер бізге сен!<br>**(тіл дамыту, көркем әдебиет)** | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау.<br>**(математика негіздері, қазақ тілі, тіл дамыту)** |
| Серуенге дайындық | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. | | | | |
| Серуен | Бақылау: Жаңбырлы күнді бақылау.<br><br>Мақсаты: Балаларға жаңбырдың жауу бағытын көрсету, бұлттың неден түзелетіні туралы мәлімет бере отырып, қатты нөсер мен жай жауынды ажыратуға үйрету, жаңбырдың маңызы туралы білімін кеңейту.<br><br>Қимылды ойындар: | Бақылау: Тұманды бақылау.<br>Мақсаты: Тұманды күнді бақылау, ашық күн мен тұманды күнді салыстыруға үйрету.<br>Қимылды ойындар: «Жаңылма»<br>Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, әр түрлі қимылдар жасауға батылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты: Бір топ балалар қол ұстасып | Бақылау: Күнді бақылау.<br><br>Мақсаты: Күн-табиғат сыйы,және оның маңызы туралы білімдерін кеңейту, күннің жарық көзі екендігін, оның адам, табиғат, өсімдіктерге тигізер пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br><br>Қимылды ойындар:<br><br>«Күн мен түн»<br>Ойын мақсаты: Балалардың | Бақылау: Желді бақылау.<br><br>Мақсаты: Балаларға желдің бағытын бақылату, табиғат құбылыстарына деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>Қимылды ойындар:<br><br>«Телеграф»<br>Ойын мақсаты: | Бақылау: Құстардың ұшуы мен қонуын бақылау.<br><br>Мақсаты: Балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту, олардың ұшуы мен қонуын бақылату, олардың адамзат қамқорлығына зәру екенін ұғындыру.<br><br>Қимылды ойындар:<br><br>«Қазан»<br>Ойын мақсаты: Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Біз тамшылармыз»<br>Ойын мақсаты: Балалардыңойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Ойын шарты: Балалар тамшы бейнеленген қағаздан тәж киеді. Тәрбиеші бұл киіпіндегі тәжді киеді. Ол бұлт-анасы, ал балалар оның тамшылары болады. Балалар бұлт анасын қоршап, айналады, секіреді.и»Бұлт анасы» тамшыларды жер бетіне қыдыруға жібереді, оларға өздерін жақсы ұстау, өсімдіктерді суару, жер бетін жуу және қайта оралуларына кеңес береді.<br><br>Балалар жан-жаққа тарап, содан кейін бірге жиналып, бірінен кейін бірі тұрып «жылға», «арық» болып аққан көрініст көрсетеді.<br><br>Тәрбиешінің нұсқауымен балалар жылғаның суы бірге жиналып, (екі қатар) «өзенге» айналғанын көрсетеді. «Өзен» ағып «теңіз» болады-балалар үлкен шеңбер жасайды «Бұлт-ана»олардың тамшы екендерін ескертіп, үйлеріне шақырады. «Теңіз»буланып, балалар тамшыларға айналып, | дөңгелеңе тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шақырады. Шыққан бала «өлең, тақпақ,әңгіме» айтып тұрып кез-келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты әрекеттер жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын қайталай алмай қалған бала айыпты болып, бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып күлдіреді.<br><br>«Үкі».<br>Ойын мақсаты: Балаларды сезімталдыққа, шапшаңдыққа,ептілікке және ойынға деген қызығушылықты арттыруға тәрбиелейді.<br>Ойын шарты: Балалар таңдап алынып, оның көздері орамалмен танылып, ортаға шығарылады.<br>Ойынды жүргізуші үкі көзіндегі орамалын шешпестен ойыншылардың бірін танып білуі керек. Ойынға қатысушылар үкіні адастыру үшін сырт киімдерін ауыстырып, басқа | кеңістікті бағдарлай білуін, ептілік қимыл-қозғалыстарын жылдам өзгерте алу қабілеттерін жетілдіре түсу.<br><br>Ойын шарты: Ұзындығы 40-60 метрлік алаңның ортасында 2 м параллел екі сызық созылады. Балалар екі топқа бөлініп,қарама-қарсы екі сызықтың бойына тұрады. Топтың біріне «түн», екіншісіне «күн» деп ат қояды. Тәрбиеші «күн» десе күн тобындағылар, түн тобындағыларды алаң шетіне дейін қуып барады. Ұстап алғандарды өз тобына қосады. Және керісінше болып ойын жалғастырылады.<br><br>«Қапы қалма».<br>Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа үйрету, есту қабілетін арттыру.<br><br>Ойын шарты: Еденге үш кеспелтек таяқша тікесінен қойылады. Екі бала соларды төңіректеп, музыка ырғағымен билеп жүреді. «Тоқта» деген белгі берілген кезде әр биші екі кеспелтекті қамтып қалуға асығады. Қолына жалғыз-ақ кеспелтек іліккен биші жеңіледі.<br><br>Еңбек: Беседкадағы өз | Балалардың сөздік қорын молайту, сөздерді буынға бөлуге үйрету.<br><br>Ойын шарты: Балалар, біз «телеграф» ойынын ойнаймыз. Менің айтқан сөздерімді сендер телеграф арқылы басқа қалаға жеткізесіңдер. Ол үшін сендер бір қатарға тұрасыңдар, ал мен буын санына қарай қол шапалақтаймын. Қатарда тұрған әр бала кезекпен осы айтылған сөзді қайталапбуынына қарап қол соғуы керек. Ойында екі буынды және үш буынды сөздерді пайдалануға болады.<br><br>«Қолтұзақ»<br>Ойын мақсаты: Қолтұзақ ойыны жұптасып ойналады, бұл ойында балалардың ептілігі мен шапшаңдығы сынға түседі.<br><br>Ойын шарты: Мынау суретке қараңдаршы, ойыншылардың біреуі алақанына әлдебір затты, айталық, кішкентай тастарды салады да, | шапшаңдыққа, батылдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>Ойын шарты: Ойыншылар тұрған сызықтан шамамен 10,15,20 қадамдай жерден диаметрі 20 сантиметрдей етіп бір-бірден шұңқыр қазылады, ойыншылардың бәрінің қолдарында көлемі бір-бірімен шамалас үш-үштен тастары болуы тиіс.<br><br>Ойыншылардың міндеті едәуір қиын әрі қызықты деуге болады. Олар қолдарындағы тастарын кезек-кезегімен әлгі шұңқырды көздеп лақтырулары керек. Ойыншы лақтырған тасын қай шұңқырға түсірсе, соншама яғни 10,15,20 ұпайға ие болады. Ұпайды ең көп жинаған ойыншы «жеңімпаз» болып саналады.<br><br>«Жаяу көкпар»<br>Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Ойын шарты: Төреші ойынға қатысушыларды бір сапқа тұрғызады, содан 30-60қадам жерге (бұл қашықтықты өз қалауларыңша белгілейсіңдер). Шартты жүлдеге бір дорба асық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біртіндеп біртіндеп бұлтқа айналады.<br><br>«Күн, су, ауа».<br>Ойын мақсаты: Берілген белгі бойынша ойынның шартын бұзбай дұрыс ойнауға үйрету.<br>Ойын шарты: «Күн» дегенде балалар ашық алаңда ойнап жүреді, өсімдік болып өседі, өйткені өсімдіктер күнді жақсы көреді, күнмен өседі «Су» дегенде балалар балық кит сияқты суда жүзеді.<br>«Ауа» дегенде құстар, ұшақ сияқты қалықтап ұшады т.б.<br>Ойын осылайша жалғасады.<br>Еңбек: Ойын алаңын тазалау.<br>Мақсаты: Тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: «Қатты нөсер», «жай жаңбыр» сөздерін үш тілде қайталату және жаңбыр туралы тақпақ жаттату.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың.<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп өссін.<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайтып, дұрыс сөйлеу артикуляциясын дамыту.<br>Баланың өзбетінше ойыны:<br>«Кім жылдам»<br>Тренинг: «Тамшылар» | да түрлі әрекеттер жасайды. Үкі ойынын үлкен бөлменің ішінде де, аулада да ойнай беруге болады. Ол үшін аулада үлкен етіп шеңбер сызамыз, оның сыртына шығуға болмайды.<br>Әдеттегідей санамақ арқылы ойын жетекшісі барады. Үкінің долбары дәл шықса, ол сол танылған ойыншымен орын алмастырады.<br>Еңбек: Қағаз қалдықтарын жинауға көмектесу.<br>Мақсаты: Еңбекқорлық қа, тазалыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Табиғат туралы әңгімелесу және жаңылтпаш айтқызу.<br>Тау бар, тау бар,<br>Тауда бау бар.<br>Бауда ара бар,<br>Ара барда бал бар.<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру.<br>Баланың өзбетінше ойыны:<br>«Кім шапшаң?»<br>Тренинг: «Бір шаңырақ астында» | ойыншықтарын жинауға көмектесу.<br><br>Мақсаты: Қоршаған ортаның тазалығын сақтау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру.<br><br>Жеке жұмыс: Күн туралы жұмбақ жаттату.<br><br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады. (күн)<br><br>Үлкен табақтан,<br>Әлемге нұрын таратқан. (күн)<br><br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайтып, жұмбақты мәнерлі айтуға дағдыландыру.<br><br>Баланың өзбетінше ойыны:<br><br>«Мені қуып жет?»<br>«Поровоз»<br>Тренинг: «Күн сыйы» | ұштары шамалы бүгіліп, топтастырылған саусақтарының үстіне тұзақты кигізеді, тұзақтың екінші ұшын келесі қолымен ұстап тұрады.<br><br>Еңбек: Ойын алаңын тазалауға көмектесу.<br><br>Мақсаты: Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Жел туралы тақпақ айтқызу.<br>Жел улейді у-у,<br>Құйын келіп тербеледі зу-зу.<br>Қатты-қатты жел соқты,<br>Жапырақтар қол соқты.<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайтып, толық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Баланың өзбетінше ойыны:<br><br>1.»Сұр қоян»<br>«Қасқыр мен аңшы»<br>Тренинг: «Достық қалашығына саяхат» | немесе кәмпит-ақ болсын делік.<br><br>Төреші сондай-ақ сөре сызығын белгілейді.<br><br>Төреші белгі берісімен сапта тұрған балалардың барлығы жүгіре жөнеліп, жүлдеге бұрын барғаны соны іліп алып сөреге жеткізуі керек. Осыны бәрінен бұрын атқарып шыққан бала «жеңімпаз» деп таңылады.<br><br>Еңбек: Құстарға жемсауыт жасау.<br>Мақсаты: Еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жаттату.<br>1.Құйқылжытып дала күйін,<br>Үй ішіне салады үйін.<br>(қарлығаш)<br>2.Күндіз соқыр не деген?<br>Түнде қандай көреген. (үкі)<br><br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайтып, тілдік дұрыс сөйлеу грамматикасын қалыптастыру, шағын тақпақтар мен жұмбақтар жатқа айтуға үйрету.<br>Баланың өзбетінше ойыны:<br>1.»Доп қуу»<br>«Қарлығаш»<br>Тренинг: «Құстарша қалқимыз» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | Балалардың тазалықтарын тексеру. | Таңертен балабақшаға кешікпей алып келу туралы ескерту. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі әрекеті, не істегені, көңіл- күйі туралы әңгімелесу | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Лаяна»балабақшасы**
Балалардың жасы: **«Улыбка» ортаңғы тобы**
Балалардың жасы- **3 жастағы балалар**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 27.04-01.05.2026 жыл**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Адай күйімен қарсы алу . Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Адал азамат** | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. **(Адал азамат)** | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу. **(Адал азамат)** | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Адал азамат** | |
| | Д/О «Жаңылтпаш»<br>Міндеті: сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Көңілді әуен»<br>Міндеті: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. **(Музыка)** | Д/О «Жаңылтпаш»<br>Міндеті: сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Көңілді әуен»<br>Міндеті: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. **(Музыка)** | Д/О «Ойын жаттығулары»<br>Міндеті: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Көңілді әуен»<br>Міндеті: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. **(Музыка)** | Д/О «Жалпылаушы сөздер»<br>Міндеті: сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту **(Тіл дамыту)**<br>Д/О «Көңілді әуен»<br>Міндеті: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. (Музыка) | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Асық ойындары<br>Жіпке тізу. Түстерді ажырату<br>**(Адал азамат)**<br><br>Д/О«Заттарды салыстыр»<br>Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «отбасы мүшелері»<br>Міндеті: Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. (**қоршаған әлеммен таныстыру**)<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. | «Балалар кітапханасы» жобасы аясындаға балалар кітапханасы<br>**(Адал азамат)**<br><br>Д/О«Заттарды салыстыр»<br>Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Әдептілік әлемі»<br>Міндеті: Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу (**қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>**Балалардың дербес әрекеті:** Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу | Ою өрнек трафаретімен ойын,ұлттық құндылық,<br>**(Адал азамат)**<br><br>Д/О«Заттарды салыстыр»<br>Міндеті: Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Не үшін керек»<br>Міндеті: Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. (**қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>**Балалардың дербес әрекеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. | "Қамшы өру" ойыны Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру.<br>**(Адал азамат)**<br><br>Д/О«Заттарды салыстыр»<br>Міндеті: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру (**математика негіздері**)<br><br>Д/О «Кеңістікті бағдарлау»<br>Міндеті: Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету (**қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>**Балалардың дербес әрекеті:** Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. | |
| Таңертенгі жаттығу | Таңертеңгілік жаттығу \Затсыз<br>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру<br>солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>Тыныс алу алу жаттығуы (дене тәрбиесі) | | | | |
| Таңғы ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу | | | | |
| Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық | Үйдегі және даладағы жануарлардың айырмашылығы жайлы түсіндіру,қауіпсіздік шараларына үйрету. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>ДО «Әдептілік әлемі»<br>Міндеті: сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, баулу. (қазақ тілі) | «Абайла, бЕрке!»<br>балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм. Интерактивті тақтадан «Жол қауіпсіздігі» толық мағлұмат **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>ДО «Достарым»<br>Міндеті: құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. (қазақ тілі) | «Жол белгілерімен танысу»<br>Жол белгілерімен танысып, қауіпсіздік шараларын жасау. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>ДО «Ойыншық қайда тығылды»<br>Міндеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. (қазақ тілі) | Жолаушылар»<br>Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. **(Қауіпсіздік дағды)**<br>ДО «Ыдыстар, ойыншықтар»<br>Міндеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту (қазақ тілі) | |
| ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет | **Дене тәрбиесі**<br>"Соғамын барабанымды".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіруге үйрету; қимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамтыу; оқу қызметін пысықтау. | **Дене тәрбиесі**<br>"Барабан дабылы".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіруге жаттықтыру. | **Музыка**<br>"Табиғаттың сәні-гүл".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"Отаным - бақыт мекенім!".<br>Жеңіс күні.<br>Қазақ тілінде отан туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жаңа сөздерді жауаптарында қолдана білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту. | |
| 2- таңғы ас | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. | | | | |
| Серуенге дайындық | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету..<br>табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. | | | | |
| Серуен | Бақылау: Аспанды бақылау.<br><br>Мақсаты: Балаларға аспан әлемі туралы түсінік қалыптастыру.<br><br>Қимылды ойындар:<br>«Ақ сандық пен көк сандық»<br>Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, мықтылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>Ойын шарты: Ойынды ойнау үшін «екі балуан» қолдарын бір-біріне айқастырып, бір-біріне арқаларын беріп тұрулары керек.<br><br>Содан кейін белгі берілісімен, әр қайсысы өз әріптестерімен қарсылығына қарамастан, оны өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. Әрі осы кезде: «Ақ сандық пе?» немесе «Көк сандық па?» сөздерді де айтуды ұмытпауы керек. Енді | Бақылау: Көліктерді бақылау.<br><br>Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру, көлік құралдарын түрлі мамандық иелері басқаратыны туралы түсінік беру және көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>Қимылды ойындар:<br>«Автомобиль » ойыны<br>Ойын мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Ойынның барысы: Балалар үш - үштен бөлінеді. Бір-бірінің артына 1-ші бала «бампер», 2-ші бала «мотор» 3-ші бала «жүргізуші» болып, қолдарының шынтақтарынан ұстап тіркеледі. | Бақылау: Ауа-райын бақылау.<br><br>Мақсаты: Балаларға көктем мезгіліндегі ауа-райын бақылату, жалпы табиғат пен адамдар арасындағы байланыс туралы түсінік беру, ауа-райы табиғат сыйы және оның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту.<br><br>Қимылды ойындар:<br>«Күн шұғыласы » ойыны<br>Ойын мақсаты: Айнаның көмегімен күннің сәулесін түсіруді үйрету, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br><br>Ойынның шарты: Тәрбиеші өзінің жаңына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын | Бақылау: Көгершінді бақылау.<br><br>Мақсаты: Балаларға көгершіннің «бейбітшілік құсы» екндігін түсіндіре отырып, оларға қамқор болуды үйрету, көктем мезгіліндегі тіршілігін бақылату.<br><br>Қимылды ойындар:<br>«Доп шеңберде» ойыны<br>Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа ептілікке баулып, ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br><br>Ойынның шарты: Балалар жерге дөңгелепотырады да, допты бір-біріне домалатады. Тәрбиеші балаларға екі қолвмен қалай және қай бағытқа итеруді үйретеді.<br><br>8-10 баладан құралған топта ойын қызықты да ширақ өтеді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарсыласын арқасына көтеріп алады да, қашан жеңілгенің мойындап: «Ақ сандық ұтты!» немесе «Көк сандық ұтты» дегенінше жібермейді.<br>Сонымен, кім жеңеді? Ақ сандық па, көк сандық па?<br>«Дауыста, тыңды айтам!»<br>Ойын мақсаты: Балалардың зердесінің мықтылап, есту қабілетінің жоғарылығын тереңдетіп, ән немесе тақпақ айта білу сияқты қабілеттерін арттыру.<br>Ойын шарты: Ойынды жүргізуші шығарылады. Оның көздері орамалмен таңылады. Содан кейін кімнің қай орында тұрғанын айқамай қалуы үшін ол бір орында бірнеше рет шыр айналдырылады.<br>Содан кейін жүргізуші ойынға қатысушылардың бірі тұрған тұсты нұсқап: «Дауыста, тыңда айтам» дейді.<br>Мұндайда соның саусағы бағытталған ойыншы жүргізуші өзін танып қоймауы үшін мүмкіндігінше дауысын құбылтып дыбыс беруі керек. Алайда қу жүргізуші соған қарамастан, дауыс иесін дәл тапса, екеуі орындарын алмастырады. Егер таба алмаса, онда жүргізуші өз «айыбын» өтеуі тиіс. Өтеуі ән мен тақпақ | Тәрбиеші сигнал бергенде, топтың ішіне «автомобильдерін» бір-біріне соғылыстырмай жүргізеді.<br><br>Ал «бампер» және «мотор» (көзін жұмып) «жүргізушінің нұсқауымен жүреді.<br><br>Ойын барысында балалар орындарынан кезектестіріп ауыстырып отырады. Оның соңында әр бала «бампер», «мотор», «жүргізуші» қызметін атқарудағы ойларын ортаға салады. Қай рөлде бала өзін жақсы сезінген туралы әңгімелейді.<br><br>«Көліктер» ойыны<br>Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу.<br><br>Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортаына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады.<br>Еңбек: Өз машиналарының сынған жерлерін жөндеу.<br>Мақсаты: Балаларға еңбектің маңыздылығын түсіндіре отырып, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: Көлік туралы | қабырғаға түсіреді де:<br><br>Қабырғада елеңдеп,<br><br>Ойнайды сәуле құбылып.<br><br>Ымдасаң болды сен «кел» деп,<br><br>Жетеді демде жүгіріп.<br><br>Сол үзіліс жасайды да: «Сәулені… ұстаңдар» деген белгі береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады.<br><br>Керекті құрал: айна.<br>Еңбек: Учаскідегі қағаз қалдықтарын жинату.<br><br>Мақсаты: Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу, еңбекке қатысу ниеттерін бағалау.<br>Жеке жұмыс: «Ауа-райы», «табиғат» сөздерін 3 тілде қайталату, жұмбақтар жаттату.<br><br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады. (күн)<br>Бір тілім болып туады,<br>Күннен күнге толады,<br>Дөп-дөңгелек болады. (ай)<br>Көзге ілінбейді,<br>Жұтсан білінбейді. (ауа) | Еңбек: Ойын алаңындағы құмдарды көтеруге көмектесу.<br><br>Мақсаты: Балалардың еңбек әрекетіне қызығушылығын арттыруды жалғастыру.<br><br>Жеке жұмыс: Балаларға көгершін туралы тақпақ жаттату.<br><br>Ақ көгершін, көгершін,<br><br>Көгершін келер жем үшін.<br><br>Балалар, жем себелік,<br><br>Жем жесін де семірсең.<br><br>Сөйтіп қолға үйренсін.<br><br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, толық сөйлеуге үйрету, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуіне мүмкіндік туғызу.<br><br>Баланың өзбетінше ойыны:<br><br>1.»Қарлығаш»<br><br>«Заттың атын ата»<br>«Аспазшы»<br>Тренинг: «Біз татумыз» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айту.<br>Еңбек: Балаларға ойын алаңындағы тастарды жинату.<br>Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа аулу.<br>Жеке жұмыс: «Аспан әлеміне саяхат» тақырыбына әңгімелесу.<br>Мақсаты: Сөйлеу барысында сөздік қорын молайту, сөздерді белсенді қолдану дағдысын қалыптастыру.<br>Баланың өзбетінше ойыны:<br>1.»Санамақ»<br>Асфальтқа сурет салу. | жұмбақтар жаттату.<br>Қос ішекке қонақтаған қаланы,<br>Қара тұлпар алға сүйреп барады. (поезд)<br>Зу етіп жоқ болған,<br>Соңында от қалған. (зымыран)<br>Топырақ жеме жата алмайды,<br>Тас шайнап та қақалмайды (экскаватор)<br>Мақсаты: Сөздік қорларын байыту, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру.<br>Баланың өзбетінше ойыны:<br>1.»Қуылыспақ»<br>Ирелең жолдармен жүру. | Мақсаты: Балалардың тілдік-қатынастық құзіреттілігін қалыптастыру.<br>Баланың өзбетінше ойыны:<br>1.»Мені қуып жет!»<br>Тартқышқа тартылу. | | |
| Серуеннен оралу | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. | | | | |
| Түскі ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу | | | | |
| Күндізгі ұйқы | ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, баулу | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау | | | | |
| Бесін ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Д/О: ЖАНСЫЗ ТАБИҒАТ "СНЕЖИНКАЛАР ҚАЙДА?"**<br>Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері және олардың белгілері туралы білімдерін бекіту.<br>Ойын барысы:<br>Балалар шеңбер бойымен жайылған карточкаларды айнала билеп жүреді. Карточкаларда судың әр түрлі күйлері бейнеленген: сарқырама, өзен, шалшық, мұз, қар, бұлт, жаңбыр, бу, снежинка, тамшы және т.б. Шеңбер бойымен қозғалу кезінде келесі сөздер айтылады:<br>**(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Тақырыбы:Ағайынбыз бәріміз Ә.Дүйсенбиев<br>Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту<br>( **көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: Досыма сыйлық Сурет салу<br>Міндеті: Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету<br><br>Мүсіндеу | **Д/О: " ӨСІМДІКТІҢ АТЫН АТА"**<br>Мақсаты: балалардың жабық өсімдіктер, олардың құрылысы және қажетті күтім туралы білімдерін бекіту.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші өсімдіктердің атын атауды ұсынады (оң жақтан үшінші немесе сол жақтан төртінші және т.б.). Содан кейін ойынның шарты өзгереді ("Бальзам қай жерде?" және т.б.) Тәрбиеші балалардың назарын өсімдіктердің сабағы әр түрлі болатындығына аударады.<br>- Сабағы түзу, өрмелейтін, сабағы жоқ өсімдіктерді атаңыз.<br>**(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Тақырыбы:«Түлкі мен Тырна» ертегісі<br>Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету<br>( **көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: Досыма арналған кілем Сурет салу<br>Міндеті: тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру<br><br>Мүсіндеу<br>Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты | **Д/О: "ГҮЛДЕР ДҮКЕНІ"**<br>Мақсаты: түстерді ажырата білу, оларды тез атай білу, басқалардан керекті гүлді таба білу қабілеттерін бекіту. Балаларды өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Балалар дүкенге түстердің үлкен таңдауын ұсынатын дүкенге келеді.<br>**(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Тақырыбы: «Түлкі мен Тырна» ертегісі<br>Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу ( **көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы:Ыдыстар, ойыншықтар<br>Сурет салу<br>Міндетіқызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану<br><br>Мүсіндеу | **Д/О: АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ОЙЫН "ТАМШЫЛАР ШЕҢБЕР БОЙЫМЕН ЖҮРЕДІ"**<br>Тәрбиеші балаларды қызықты және сиқырлы ойын ойнауға шақырады. Бірақ ол үшін жаңбырдың кішкене тамшыларына айналу керек. (Жаңбырды еске түсіретін музыка естіледі) Тәрбиеші сиқырлы сөздерді айтады және ойын басталады. Тәрбиеші оның бұлттың анасы екенін, ал балалар оның кішкентай балалары екенін, олардың жолға шығатын уақыты келгенін айтады. (Музыка.)<br>Тамшылар секіреді, шашырайды, билейді. Ана бұлт оларға не істеу керектігін көрсетеді.<br>Тамшылар жерге ұшып кетті<br>**(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Тақырыбы: Ағайынбыз бәріміз Ә.Дүйсенбиев<br>Міндеті: Балаларды тақпақтар жатқа айтуға үйрету<br>( **көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: Ыдыстар, ойыншықтар<br>Сурет салу<br>Міндеті: Көлденең және тік | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру<br><br>Жапсыру<br>Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, жасау.<br><br>Құрастыру<br>Міндеті: Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. | болуға баулу<br><br>Жапсыру<br>Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы кілем, жасау.<br><br>Құрастыру<br>Міндеті: Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. | Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).<br><br>Жапсыру<br>Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, жасау.<br><br>Құрастыру<br>Міндеті: Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу<br><br>Мүсіндеу<br>Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).<br><br>Жапсыру<br>Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы алаша жасау.<br><br>Құрастыру<br>Міндеті: Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру | |
| Балалармен жеке жұмыс | МҰРАТ АЙША<br>"Көктем" тақпағын жаттау.<br>Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті!<br>К.Ыбырайұлы<br>(қарым-қатынас іс-әрекет) | ЕРБОЛ АЛИХАН<br>"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы. Педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.<br>(тіл дамыту) | ЖҮНІСБАЙ ХАДИША<br>Санамақтар айтқызу.<br>"Кел, санайық санамақ".<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон!<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>(қарым-қатынас іс-әрекет) | БАЙМҰРАТ АЛИ-ЖАН<br>Сурет салудан ойын-жаттығу<br>"Анамның портреті"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ананың портреті салуға үйрету; екі көз, мұрын, ауыз сияқты бет мүшелерін мөлшерлеп, адамның бетін салу техникасын игерту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету..<br>табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. | | | | |
| Серуен | Бақылау: Аспанды бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға аспан әлемі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Қимылды ойындар:<br>«Ақ сандық пен көк сандық»<br>Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, мықтылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты: Ойынды ойнау үшін «екі балуан» қолдарын бір-біріне айқастырып, бір-біріне арқаларын беріп тұрулары керек. Содан кейін белгі берілісімен, әр қайсысы өз әріптестерімен қарсылығына қарамастан, оны өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. Әрі осы кезде: «Ақ сандық пе?» немесе «Көк сандық па?» сөздерді де айтуды ұмытпауы керек. Енді қарсыласын арқасына көтеріп алады да, қашан жеңілгенің мойындап: «Ақ сандық ұтты!» немесе «Көк сандық ұтты» дегенінше жібермейді.<br>Сонымен, кім жеңеді? Ақ сандық па, көк сандық па?<br>«Дауыста, тыңды айтам!»<br>Ойын мақсаты: Балалардың зердесінің мықтылап, есту қабілетінің жоғарылығын тереңдетіп, ән немесе тақпақ айта | Бақылау: Көліктерді бақылау.<br>Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру, көлік құралдарын түрлі мамандық иелері басқаратыны туралы түсінік беру және көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>Қимылды ойындар:<br>«Автомобиль » ойыны<br>Ойын мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Ойынның барысы: Балалар үш - үштен бөлінеді. Бір-бірінің артына 1-ші бала «бампер», 2-ші бала «мотор» 3-ші бала «жүргізуші» болып, қолдарының шынтақтарынан ұстап тіркеледі. Тәрбиеші сигнал бергенде, топтың ішіне «автомобильдерін» бір-біріне соғылыстырмай жүргізеді.<br><br>Ал «бампер» және «мотор» (көзін жұмып) «жүргізушінің нұсқауымен жүреді.<br>Ойын барысында балалар орындарынан кезектестіріп | Бақылау: Ауа-райын бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға көктем мезгіліндегі ауа-райын бақылату, жалпы табиғат пен адамдар арасындағы байланыс туралы түсінік беру, ауа-райы табиғат сыйы және оның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту.<br><br>Қимылды ойындар:<br>«Күн шұғыласы » ойыны<br>Ойын мақсаты: Айнаның көмегімен күннің сәулесін түсіруді үйрету, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br><br>Ойынның шарты: Тәрбиеші өзінің жаңына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де:<br><br>Қабырғада елеңдеп,<br>Ойнайды сәуле құбылып.<br>Ымдасаң болды сен «кел» деп,<br>Жетеді демде жүгіріп.<br>Сол үзіліс жасайды да:<br>«Сәулені… ұстаңдар» деген белгі береді. Балалар | Бақылау: Көгершінді бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға көгершіннің «бейбітшілік құсы» екндігін түсіндіре отырып, оларға қамқор болуды үйрету, көктем мезгіліндегі тіршілігін бақылату.<br><br>Қимылды ойындар:<br>«Доп шеңберде» ойыны<br>Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа ептілікке баулып, ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br><br>Ойынның шарты: Балалар жерге дөңгелепотырады да, допты бір-біріне домалатады. Тәрбиеші балаларға екі қолвмен қалай және қай бағытқа итеруді үйретеді.<br><br>8-10 баладан құралған топта ойын қызықты да ширақ өтеді.<br><br>Еңбек: Ойын алаңындағы құмдарды көтеруге көмектесу.<br><br>Мақсаты: Балалардың еңбек әрекетіне қызығушылығын арттыруды жалғастыру.<br><br>Жеке жұмыс: Балаларға көгершін туралы тақпақ жаттату. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білу сияқты қабілеттерін арттыру.<br>Ойын шарты: Ойынды жүргізуші шығарылады. Оның көздері орамалмен таңылады. Содан кейін кімнің қай орында тұрғанын айқамай қалуы үшін ол бір орында бірнеше рет шыр айналдырылады.<br>Содан кейін жүргізуші ойынға қатысушылардың бірі тұрған тұсты нұсқап: «Дауыста, тыңда айтам» дейді.<br>Мұңдайда соның саусағы бағытталған ойыншы жүргізуші өзін танып қоймауы үшін мүмкіндігінше дауысын құбылтып дыбыс беруі керек.<br>Алайда қу жүргізуші соған қарамастан, дауыс иесін дәл тапса, екеуі орындарын алмастырады. Егер таба алмаса, онда жүргізуші өз «айыбын» өтеуі тиіс. Өтеуі ән мен тақпақ айту.<br>Еңбек: Балаларға ойын алаңындағы тастарды жинату.<br>Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа аулу.<br>Жеке жұмыс: «Аспан әлеміне саяхат» тақырыбына әңгімелесу.<br>Мақсаты: Сөйлеу барысында сөздік қорын молайту, сөздерді белсендіқолдану дағдысын қалыптастыру.<br>Баланың өзбетінше ойыны: | ауыстырып отырады. Оның соңында әр бала «бампер», «мотор», «жүргізуші» қызметін атқарудағы ойларын ортаға салады. Қай рөлде бала өзін жақсы сезінгені туралы әңгімелейді.<br>«Көліктер» ойыны<br>Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу.<br>Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортаына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады.<br>Еңбек: Өз машиналарының сынған жерлерін жөндеу.<br>Мақсаты: Балаларға еңбектің маңыздылығын түсіндіре отырып, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: Көлік туралы жұмбақтар жаттату.<br>Қос ішекке қонақтаған қаланы,<br>Қара тұлпар алға сүйреп барады. (поезд)<br>Зу етіп жоқ болған,<br>Соңында от қалған. (зымыран)<br>Топырақ жеме жата алмайды,<br>Тас шайнап та қақалмайды (экскаватор)<br>Мақсаты: Сөздік қорларын байыту, дұрыс сөйлеу дағдысын | қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады.<br>Керекті құрал: айна.<br>Еңбек: Учаскідегі қағаз қалдықтарын жинату.<br>Мақсаты: Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу, еңбекке қатысу ниеттерін бағалау.<br><br>Жеке жұмыс: «Ауа-райы», «табиғат» сөздерін 3 тілде қайталату, жұмбақтар жаттату.<br><br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады. (күн)<br><br>Бір тілім болып туады,<br>Күннен күнге толады,<br><br>Дөп-дөңгелек болады. (ай)<br>Көзге ілінбейді,<br>Жұтсан білінбейді. (ауа)<br>Мақсаты: Балалардың тілдік-қатынастық құзіреттілігін қалыптастыру.<br>Баланың өзбетінше ойыны:<br>1.»Мені қуып жет!»<br>Тартқышқа тартылу. | Ақ көгершін, көгершін,<br>Көгершін келер жем үшін.<br>Балалар, жем себелік,<br>Жем жесін де семірсең.<br>Сөйтіп қолға үйренсін.<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, толық сөйлеуге үйрету, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуіне мүмкіндік туғызу.<br><br>Баланың өзбетінше ойыны:<br>1.»Қарлығаш»<br>«Заттың атын ата»<br>«Аспазшы»<br>Тренинг: «Біз татумыз» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. «Санамақ»<br>Асфальтқа сурет салу. | қалыптастыру.<br>Баланың өзбетінше ойыны:<br>1. «Қуылыспақ»<br>Ирелең жолдармен жүру. | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Лаяна»балабақшасы**
Балалардың жасы: **«Улыбка» ортаңғы тобы**
Балалардың жасы- **3 жастағы балалар**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 04.05-08.05.2026 жыл**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Шармен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br>Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Антонимдер»<br>Міндеті: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Ақырын-қатты»<br>Міндеті:Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), байқауға үйрету. **(Музыка)** | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу.<br>Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Жалпылаушы сөздер»<br>Міндеті: сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. **(Тіл дамыту)**<br>Д/О «Жылдам-баяу»<br>Міндеті:Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: қарқыны (жылдам-баяу), байқауға үйрету. **(Музыка)** | Шармен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br>Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Антонимдер»<br>Міндеті: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Ақырын-қатты»<br>Міндеті:Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), байқауға үйрету. **(Музыка)** | | Достар әнімен қарсы алу<br>Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Антонимдер»<br>Міндеті: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **(Тіл дамыту)**<br><br>Д/О «Мұңды, көңілді»<br>Міндеті:Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету. **(Музыка)** |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | **Д/О: "Кімнің әні екенін тап?"**<br>Ономатопея дағдыларын жетілдіру; дауыс күшін және оны басқара білу | **Д/О: "Бала жоғалып кетті"**<br>Бірнеше жануарлардың арасынан белгілі бір жануарлардың төлдерін табуға және атауға үйрету; жанашырлыққа, | **Д/О: "Балапанның анасын тап"**<br>**Ересек жануарды күшігі бойынша анықтауға үйрету; жануарларға** | | Д/О: "Балапанның анасын тап"<br>Ересек жануарды күшігі бойынша анықтауға үйрету; жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
